КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

17 шілде 2024 жыл № 7527-24-00-2/7494 іс Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судья Ә.Н. Абишеваның төрағалық етуімен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Нұрасыл» жеке кәсіпкері Шашенов Рустем Карибаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223–226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Нұрасыл» жеке кәсіпкері Шашенов Рустем Карибаевичқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұлды өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

2024 жылғы 13 наурыздағы № 31 тауарды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты «Нұрасыл» жеке кәсіпкері Шашенов Рустем Карибаевич, ЖСН 911109301499, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Нұрасыл» жеке кәсіпкері Шашенов Рустем Карибаевичтан мемлекет кірісіне 9 694,50 (тоғыз мың алты жүз тоқсан төрт) теңге мөлшерінде айыппұл өндіріліп алынсын.

«Нұрасыл» жеке кәсіпкері Шашенов Рустем Карибаевичтан мемлекет кірісіне 2 137 (екі мың бір жүз отыз жеті) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліп алынсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге апелляциялық шағым берілуі, прокурор осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотына апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Абишева Ә.Н.**

Құжатқа қол қойылған: Абишева А. Н., 23.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.08.2024. Судья Абишева А. Н. 03.10.2024

7527-24-3-1/8402